

«2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атағын және «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) осы Ережелердің

5-тармағында көзделген үш номинациядағы үш санат бойынша жыл сайын сыйлықтар беріледі. » ;

4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сыйлық алуға, мемлекеттің қатысу үлесі 50 %-дан асатын ұйымдарды, сондай-ақ өздеріне қатысты белгіленген тәртіппен оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рәсімдерді жүзеге асыру туралы шешімдер қабылданған ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар өндірумен (қару-жарақ пен әскери техника өндіруді қоспағанда), қызметтер көрсетумен айналысатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (бұдан әрі – конкурста қатысушылар) үміткер бола алады.».

5-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Әр номинация бойынша мынадай:

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі;

2) орта кәсіпкерлік субъектісі;

3) ірі кәсіпкерлік субъектісі санаттары бойынша үш сыйлық беріледі.

Конкурстар номинациясында, әрбір номинацияда екеуден аспайтын сыйлық лауреаттарының қосымша атақтары тағайындалуы мүмкін.»;

7 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сыйлықты алуға оны белгілі бір номинацияда алғаннан кейін төрт жыл ішінде оған қайта ұсынуға жол берілмейді.»;

«15. Сыйлық лауреаты атағына ие болған конкурста қатысушылар сыйлық берілгеннен кейін төрт жыл ішінде сыйлық эмблемасын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығына ие болады.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру ережелерінде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Конкурс дипломанттары конкурстың эмблемасын жарнамалық мақсатта төрт жыл бойы пайдалану құқығына ие болады.».

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н.Назарбаев*